



Автор: Айдынбекова Гавхар Бакытбековна

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Күш және қозғалыс

Тақырып: Қозғалыс дегеніміз не? Қозғалыс траекториясы дегеніміз не?

Қозғалыс дегеніміз не? Қозғалыс траекториясы дегеніміз не?	1.5.1.1 түрлі денелердің қозғалысынан мысалдар келтіру 1.5.1.2 қозғалыстың адам өміріндегі және табиғаттағы маңыздылығын анықтау 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
---	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Қозғалыс дегеніміз не? Қозғалыс троекториясы дегеніміз не? (40)</p>	<p>Психологиялық ахуал Қуанамын, күлемін. Жылы менің жүрегім. Достарыма үнемі, Риза болып жүремін. Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, жүрек жылуын сезініп, үйренген қандай тамаша!</p> <p>Түрлі денелердің қозғалысынан мысалдар келтіреді Оқушыларға бірнеше минут терезенің арғы жағындағы қозғалыстағы заттарды бақылау ұсынылады. Таймерді пайдалану арқылы алдын-ала уақытқа шектеу қою керек. Бақылау:терезеден қозғалыстағы денелерді бақылайды. Зерттеуді жоспарлау: - Терезенің арғы жағындағы қандай нысандар қозғалды? - Олар қалай қозғалды? - Қандай заттар қозғалады? Мәлімет жинау: Қозғалыстағы жанды денелерге (адам, жануар,) Қозғалмайтын жансыз денелерге (үй,жер,ағаш т.б) Түсіндіру: Жансыз денелердің қозғалту үшін белгілі бір күштің әсерімен дененің орын ауыстыруы. Ынталандыру: Жарайсың! Керемет! Тамаша! БК:түрлі денелердің қозғалысынан мысалдар келтіреді ТЖ: «Ойлан, тап» әдісі (жаңа тұжырымқалыптастыру). Нұсқау: берілген суреттерді пайдаланып тапсырманыорындау. Тапсырма: Мына денелердің қайсысы өз бетінше,ал қайсысы күштүсіру әсерінен қозғалады? -Адамдар мен жануарлар қалай қозғалады? Жансыз денелер қозғалу үшін не істеу керек? Суреттегі денелердіңқайсысы өздігінен қозғала алады? Ойыншық мәшине қалай қозғалады? Арба қалай қозғалады? Шана қалай қозғалады?</p> <p>Итеріп жібергенде қозғалатын денелерге мысал келтіріңдер. Дескриптор: Қозғалыстағы денелерді ажырата алады. Жансыз денелер қалай қозғалатынын біледі; Жансыз денелердің қозғалуына мысал келтіре алады. Тапсырма оқушының жауабы ,бойынша сараланады ҚБ: ынталандыру: Жарайсың,тамаша. ТЖ: «Тәжірибелік жоба»әдісі (жаңа сабақты меңгеру) Нұсқау: Ағаштан төбешік жасау. Стикер жолағының көмегімен төбешік төбесіндегі бастапқы нүктені белгілейміз.Көлікті бастапқы нүктеге қойып, ақырын итереміз. Стикердің келесі жолағымен көліктің тоқтаған жерін белгілейміз. Көліктің бір стикерден екіншістикерге дейін жүріп өткен жолын сызғышпен өлшейміз. Сұрақтар:Ойыншық машина қалай қозғалады? Ол қалай орын ауыстырады? Ахметтің ойыншық машинасының жүрген жолымен өз машиналарыңныңжүрген жолын салыстырыңдар. ҚБ: Мадақтау</p> <p>2 -тапсырма ДЖ: «Арақашықтық» әдісі (зерттеу жұмысының нәтижесі) Қарқынды саралау. Уақыт 2мин,3 мин,4 мин Тапсырма: Нүктелер арқылы машина жолының бастапқы және соңғы орнын белгіле, Жол соңына машинаның суретін салу .Дескриптор: Машинаның бастапқы және соңғы бөлігін белгілейді; Машинаның жүріп өткен арақашықтығын көрсете біледі; Қашықтығын өлшеп,нәтижесін жаза алады Тапсырма қарқын бойынша сараланады. Топпен бағалау. ҚБ: ынталандыру : керемет, бәрекелді БК:көрсетілген экспериментті түсіндіре алады; ЖЖ: «Ойлан.» тәсілі (жаңа материалды меңгергендігін бекіту) Нұсқау: үлкен жүк машинасы мен жеңіл машина бір мезетте жоғарыдан төмен қарай жіберіп, екеуінің қайсысы ұзағырақ жүргенін анықтау. Бақылау: эксперимент жасау барысында жүк машинасы мен жеңіл машинаның жүру ұзақтығын бақылайды. Зерттеуді жоспарлау:</p> <p>Егер үлкен жүк машинасы мен жеңіл машинаны бір мезетте жоғарыдан төмен қарай жіберсе, екеуінің қайсысы ұзағырақ жүреді? Мәлімет жинау: Бір- бірінен мәлімет жинау. Түсіндіру: машина неғұрлым ауыр болса, соғұрлым ұзағырақ жүріп барып тоқтайды. Өзара бағалау ҚБ: кеңес беру арқылы бағалау ДЖ: Тапсырма:Әрбір жүріп өткен қашықтықты белгіле.Салыстыр.Қорытынды жаса. Дұрыс сөзді тауып,сөйлемді толықтыр Зерттеу қорытындысы: машина неғұрлым ауыр болса, соғұрлым ұзағырақ жүріп барып тоқтайды.</p> <p>Зерттеу қорытындысы: машина неғұрлым ауыр болса, соғұрлым ұзағырақ жүріп барып тоқтайды. Дескриптор: - Әрбір жүріп өткен қашықтықты өлшей алады; - Қашықтықты өлшеп салыстыра алады. -Салыстыра отырып қорытынды жасай біледі. - Дұрыс сөзді тауып,сөйлемді толықтырып жаза алады. Тапсырманы нәтиже бойынша саралау ҚБ: ынталандыру : Жарайсың! Керемет!</p>	
--	---	--